



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Еліміздегі ежелгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сонау 1934 жылы қалыптасқан болатын. Қазіргі күнге дейін ол Қазақстан Республикасында ғана емес, сонымен қатар Орталық Азиядағы жоғары білімнің көшбасшысы болып келеді. Алғашқылардың бірі болып негізі қаланған факультеттердің ішінде физика-математика факультеті де болды, оның дәстүрін жалғастырушысы қазір физика-техникалық факультеті – физика мен техниканың барша бағыттары бойынша әлемдік деңгейдегі ғылымды қалыптастыруды жүзеге асырып келе жатқан үш зерттеу институтынан құралған физика-техникалық кластердің орталығы болып табылады.

Физика-техникалық факультеті өз саласында республикамыздың жоғары білім берудегі көшбасшысына айналған, оқытушылар мен студенттер өз мақалаларын жетекші әлемдік журналдарда жариялануда. Шығарылған өнертабыстардың, патенттер мен авторлық куәліктердің саны өсуде. Осындай жетістіктерге факультет қабырғасында жұмыс жасаған және өз қызметін жалғастырып келе жатқан ғалымдар буынының талантының, жігері мен шығармашылығының арқасында қол жеткізді.

Нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлектері еліміздің еңбек нарығында жоғары бағаланатын, кез келген білім мен технологияның жаңа саласын игеруге, өмірде өз орнын табуға мүмкіндік беретін іргелі білім мен практикалық қабілет иегерлері.

Біз өз факультетіміздің алға жылжуы Сіздердің – еліміздегі ең үздік білім алуға, жаңа білім мен бізбен тең құқылы тілдесуге ашық, талантты, мақсатына ұмтыла білетін, белсенді және амбициялы жастардың қолында екендігін түсінеміз. Қазақстанның болашағы Сіздердің қолдарыңызда! Біз Сіздермен бірге әрдайым сіздердің армандарыңыздың орындалуына бірлесе күш салуға дайынбыз, Сіздің мансаптағы табыстарыңыз – біздің табысымыз! Біз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сіздердің жүректеріңізде әрқашан сақталып қалады және Сіз оның түлегі деген атауды біз сияқты мақтанышпен алып жүреді деген сенімдеміз!



ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ
ф.-м. ғ. д., профессор
ДАВЛЕТОВ
АСКАР ЕРБУЛАНОВИЧ



ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

Физика факультеті 1934 жылы 15 қаңтарда физика-математикалық факультеттің бөлімі ретінде профессор В.Ф. Литвиновтің басшылығымен құрылған. 1959 жылдың мамыр айында факультет физика-математикалық факультеттен бөлек жеке факультет болып қалыптасты. Инженерлік, ғылыми техникалық, педагогикалық білікті мамандар даярлайтын халықаралық талаптарға сай білім ордасы.

Факультет түлектері

Ғылыми зерттеу институттарының қызметкері;
Білім беру мекемелерінің оқытушысы;
Білім беру мекемелерінің лаборанты;
Лабораториялар қызметкері мен лаборанты;
Өндірістік орындарда инженер;
Зауыт-фабрикаларда инженер;
Банктерде менеджер;
Ғылыми бағдарламаларға кеңесші;
Энергетика саласында бас маман;
Техникалық реттеу департаменттерінде;
Медициналық орталықтарда техникалық қызметкер;
Білім және ғылым министрлігінде;
Энергетика министрлігінде;
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде қызмет атқара алады.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ – ТҮЛЕКТЕРІМІЗ!



Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлы

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі. Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері. Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері. «Барыс», «Парасат» орденімен марапатталған.



Рамазанов Тлеккабул Сабитович

Қазақстан Ұлттық ғылыми академиясының академигі, әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері. «Парасат» орденімен марапатталған.



Асқарова Алия Сандыбаевна

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. «Құрмет» ордені және «әл-Фараби» алтын белгісімен марапатталған.



Исатаев Совет Исатаевич

Физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Жаңабаев Зейнулла Жаңабайұлы

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. «Әл-Фараби» күміс белгісімен марапатталған.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Факультет құрамында 4 кафедра бар:

1. Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы
2. Қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасы
3. Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасы
4. Теориялық және ядролық физика кафедрасы

БАКАЛАВРИАТ

В054 Физика

Киберфизика (ағылш.)

Техникалық физика

Физика

Физика (қос диплом)

Физика және астрономия

Ядролық физика

Ядролық физика (қос диплом)

Ядролық медицина

Компьютерлік физика

Физика және нанотехнологиялар

В061 Материалтану және технологиялар

Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

В062 Электротехника және энергетика

Жылуэнергетикасы

Электр энергетикасы

В063 Электротехника және автоматтандыру

Өндірістік электроника және басқару жүйелері

В076 Стандарттау, сертификаттау және метрология

Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)

В059 Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар

Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар



МАГИСТРАТУРА

М090 Физика

Физика

Физика (қос диплом)

Ядролық физика

Ядролық физика (қос диплом)

Ядролық медицина

Физика және астрономия

Техникалық физика

Техникалық физика (қос диплом)

М096 Коммуникация және коммуникациялық технологиялар

Радиотехника, электроника және телекоммуникация

М098 Жылу энергетикасы

Жылу энергетикасы

Жылу энергетикасы (қос диплом)

Альтернативті энергетика

М099 Энергетика және электроэнергетика

Электр энергетикасы

Менеджменттегі электр энергетикасы (қос диплом)

М101 Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

Материалтану және жаңа материалдар технологиясы (қос диплом)

М108 Наноматериалдар және нанотехнологиялар

Наноматериалдар және нанотехнологиялар

М011 Физика педагогтерін даярлау

Физика

М130 Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)

Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)

Стандарттау және сертификаттау (қос диплом)

Техникалық реттеу және сапаны басқару

Метрология



PhD ДОКТОРАНТУРА

D090 Физика

Физика

Физика (қос диплом)

Ядролық физика

Ядролық медицина

Релятивистік астрофизика

Гравитация және космология

Физика және астрономия

Техникалық физика

Техникалық физика (қос диплом)

D096 Коммуникация және коммуникациялық технологиялар

Радиотехника, электроника және телекоммуникация

D101 Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

Материалтану және жаңа материалдар технологиясы

D098 Жылу энергетикасы

Жылу энергетикасы

Альтернативті энергетика

D099 Энергетика және электроэнергетика

Электр энергетикасы

D108 Наноматериалдар және нанотехнологиялар

Наноматериалдар және нанотехнологиялар

D130 Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)

Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)

Метрология



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультетте Студенттік кеңес, Студенттік маслихат және студенттердің «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы сияқты студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары қызмет көрсетеді. Басқа қалалардан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етіледі.



Кәсіпкерлердің құттықтауы



Олимпиада жеңімпаздары



Наурыз мерекесі



Студенттер олимпиадасы



Студенттер профессорлармен
бірге көрмеде



СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР



Әр адамның тұлға болып дамуында өзінің өмір сүретін ортасы — өте маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Мықтылардың арасында жүріп көп зат үйреніп, шыңдалып, шынығатынымыз анық. Қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетіміздегі осындай бірден-бір орта — физика-техникалық факультеті. Ақылына көркі сай, жігерлі, мақсаттары анық, қашан да үздік нәтижеге ұмтылатын студенттері мен бар білгенін келер ұрпаққа керемет түрде жеткізе білетін, өз ісінің шеберлері деген атқа сай мұғалімдері бар ең үздік факультет орықшан да — Физика-техникалық факультеті.

Көкешов Жан, 3 курс, студенттік декан



Ұлттық университет Қазақстандағы көшбасшы оқу орындарының бірі. Физика-техникалық факультетінде білікті, тәжірибелі мамандар жұмыс атқарады. Мұнда заманауи лабораториялық аудиториялар студенттің білім алып, ізденісін арттыруына үлкен себепін тигізеді. Осы мамандықты таңдағанымды мақтан тұтамын. Болашақта өз ісімнің маманы болып, әрмен қарай дамуыма факультеттің қосар үлесі көп болатынына сеніммен айта аламын.

*Серкан Юксел, 3 курс, РЭТ,
ағылшын тобының студенті*



ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРІБЕ



Студенттер ИФИБ-да МЭФИ-да тағылымдамадан өтуде



Біздің студенттер Кореяда



Сплит Университеті, Хорватия



Студенттер Мәскеуде



Италия



Франция, академиялық ұтқырлық Erasmus +




Ғылыми және оқу-әдістемелік бағыттар бойынша зертхана:

- Криофизика және криотехнология зертханасы
- Механика бойынша жалпы физикалық практикум
- Молекулалық физика бойынша жалпы физикалық практикум
- Метрология
- Көпкомпонентті газ орталарындағы жылуиасса тасымалы
- Гидроаэродинамика
- Жылуиасса тасымалы процестерін модельдеу зертханасы
- Жылу және масса алмасу мәселелері
- Электр және Магнетизм
- Атомдық физика
- Электротехника негіздері
- Газ разрядты физика және вакуумдық техника
- Плазма диагностикасындағы газ разрядты
- Плазмадағы бейсызықты және корреляциялық құбылыстар
- Плазмалық үдеткіш
- Плазмадағы процестерді математикалық модельдеу
- Тозанды плазма және плазма технологиясы
- Газдар, плазма және сұйықтар физикасы
- Жылуфизиканың мәселелері, турбуленттілік пен жану процестерін зерттеу
- Конденсирленген күй физикасы және материалтану мәселелері
- Ядролық, электромагниттік және үдетілген бөлшектердің затпен өзара әсерлесуі
- Теориялық және эксперименталды ядролық физика
- Ғарыш сәулелері физикасы
- Радиофизика және электроника; бейсызық физика
- Салыстырмалылық теориясы, гравитация және кванттық хромодинамиканың өзекті мәселелері
- Энергетика: жылуэнергетика, ядролық, термойдролық энергетика
- Қалпына келетін энергия көздері
- Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар
- Жалпы ядролық физика
- Сәулелердің затпен әсерлесуі
- Ядролық электроника, радиоэнергия және радиациялық қауіпсіздік
- Қолданбалы ядролық физика



Жұмыс берушілер:

«Қазатомпром» Ұлттық атомдық компаниясы» Акционерлік Қоғамы
«Эксперименталды және теориялық физика» ҒЗИ (ЭТФ ҒЗИ)
«Қазақстандық стандарттау және сертификаттау институты» РМК ОҚФ
«ҚазМетИн» РМК ОҚФ
Плазмотехника ФТҚ
Жану мәселелері институты
«АлЭС» АҚ ЖЭО-2
Ашық түрдегі Ұлттық нанотехнологиялық зертхана (АТҰНЗ)
KEGOC
Физика-техникалық институт
«Жер, металлургия және байыту Ғылыми орталығы» АҚ
«Жану мәселелері институты» РМК
Үлбі металлургия зауыты
«Қазақмыс» АҚ
Ядролық физика институты
Біріккен ядролық зерттеулер институты (БЯЗИ)



ҚазМұнайГаз





ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТИ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Институт теоретической физики им. Л.Д. Ландау
 Universidad Carlos III de Madrid www.uc3m.es
 Astrophysical Institute
 UNIVERSITÉ DE LYON
 Technische Universität Braunschweig
 UNIVERSITÉ D'ORLÉANS
 GSI
 TECHNISCHE UNIVERSITÄT DARMSTADT
 ASU ARIZONA STATE UNIVERSITY
 MOW
 Universität Rostock
 Institute for Plasma Research
 KYOTO INSTITUTE OF TECHNOLOGY
 Penn
 Technische Universität Braunschweig
 UNIVERSITÉ D'ORLÉANS
 GSI